

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

**«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан
бағалаушылар қауымдастығының ұйымы»
бағалаушылар Палатасының**

Директоры туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 10.01.2018 жылғы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» № 133-VI Заңының, «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының (бұдан әрі – Палата) жарғысының талаптарына сәйкес әзірленді және Палата Директорының мәртебесін, функциясы мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оны сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін айқындайды.

1. Директордың мәртебесі

1.1. Палата Директоры Палата органының бір жақты функцияларын орындайды, палата қызметіне ағымдағы басшылықты іске асырады және Палатаның жалпы жиналысы мен Президиумы алдында есеп береді.

1.2. Директор лауазымына жоғары білімі мен басшы жұмыс тәжірибесі бар тұлға тағайындалады.

1.3. Директор Президиумның ұсынымы бойынша Жалпы жиналыстың шешімімен үш жыл мерзіміне сайланады және жаңа мерзімге қайта сайлана алады.

1.4. Директор Палата мүддесін қорғайды, оның барлық қызметі үшін жауапты, Палата мүлкіне иелік етеді және жарғылық міндеттерге байланысты оның қаражатын жұмсайды.

2. Директордың функциялары мен өкілеттіктері

2.1. Директордың құзыретіне Палатаның ағымдағы қызметіне басшылық етудің барлық мәселелері Жалпы жиналыстың және Палата Президиумының құзыретіне жататын мәселелерден басқа Палатаның Жалпы жиналысымен, Палата жарғысымен және осы Ережемен белгіленген тәртіпте және шектерде енеді.

2.2. Директор құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімді ауызша өкімдер немесе жазбаша өкімдер мен бұйрықтар түрінде қабылдайды. Директордың шешімін Палатаның барлық штаттық қызметкерлері орындауға міндетті.

2.3. Палата Директоры:

- 2.3.1. Жалпы жиналыс пен Президиумның шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда Жалпы жиналыстың дайындалуы мен өтуін ұйымдастырады;
- 2.3.3. Жарғының ережесіне сәйкес Палата атынан шаруашылық және өзге шарттарды жасасу құқығымен Палатаның шаруашылық қызметін қоса алғанда Палата жұмысын ұйымдастырады;
- 2.3.4. Қаржылық және өзге құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар;
- 2.3.5. Ағымдағы және келешекті жұмыс бағдарламаларын орындауды, сонымен қатар олардың уақытылы қаржыландырылуын қамтамасыз етеді;
- 2.3.6. Жалпы жиналыс ұсынған өкілеттіктер шеңберінде Палата мүлкіне, соның ішінде ақшалай қаражатқа иелік етеді, Палата Жарғысына, Жалпы жиналыстың және/немесе Палата Президиумының шешіміне сәйкес банктерде есеп және өзге шоттар ашады;
- 2.3.7. Палата атынан басқа ұйымдармен, мемлекеттік органдарды, сотты қоса алғанда, Палата қызметінің мәселелері бойынша әрекет етеді;
- 2.3.8. Палата атынан қолдаухатсыз әрекет етеді;
- 2.3.9. Палата мүддесін қорғау құқығына сенімхатты қайта сеніп беру құқығымен береді;
- 2.3.10. Палата қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, олармен еңбек және азаматтық-құқықтық шарттар жасасады, еңбек төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық еңбекақы мен персоналдық үстемеақы көлемін айқындайды, сыйақы беру мәселесін шешеді, марапаттау мен тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
- 2.3.11. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді, тәуелсіз аудит өткізуді қоса алғанда, салықтық және басқа міндетті төлемдер мен жарналардың уақытылы төленуін қамтамасыз етеді;
- 2.3.12. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Палата қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен ұсынылу мәселесін шешеді;
- 2.3.13. Палата құрал-жабдықтарының, қорларының туындауы мен шығындарын бөлу тәртібін белгілейді;
- 2.3.14. Өз құзыреті шегінде Палатаның ішкі қызметін айқындайтын құжаттарды бекітеді;
- 2.3.15. Палатаның ресми интернет-ресурсының қызметін қамтамасыз етеді;
- 2.3.16. Палатаның интернет-ресурсына жыл сайынғы есепті орналастыру жолымен ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы палата мүшелерін ақпараттандыруды қамтамасыз етеді;
- 2.3.17. Палата мүшелерінің, Сараптамалық кеңес мүшелерінің тізілімін жүргізуді және оларды Палатаның интернет-ресурсына орналастыруды ұйымдастырады;
- 2.3.18. Бағалау қызметі саласындағы уәкілетті органға Палата қызметі мен Палата мүшелері туралы ақпаратты, Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен белгіленген мерзімдер мен тәртіпте Палатаның интернет-ресурсына орналастырумен ұсынады.
- 2.3.19. Палата мүмкіндіктерін (мүлік, мүліктік және мүліктік емес құқықтар, құпия ақпарат және басқалары) Палата Жарғысымен көзделмеген, сонымен қатар Палата мен оның мүшелерінің мүддесіне қарсы келетін мақсаттарда пайдалану ретінде Директор мен Палата мүдделерінің дауына жол бермеуді қамтамасыз

етеді;

2.3.20. Жарғыға, Жалпы жиналыс пен Палата Президиумының шешімдеріне сәйкес өзге функцияларды іске асырады;

2.4. Палата Директоры өз өкілеттіктерін орындай алмаған жағдайда (ұзақ іссапар, науқастану және басқа ұқсас жағдайлар) оның жазбаша өтініші бойынша функциялары Президиум мүшелерінің біріне немесе Палатаның штаттық қызметкеріне, Президиум Төрағасының келісімі бойынша жүктеле алады.

3. Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату

3.1. Директордың өкілеттіктері Палатаның жалпы жиналысының шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатыла алады:

3.1.1. Палата Президиумының бастамасымен;

3.1.2. Палата Директорының болжамды босатылуына дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей жеке өтініші бойынша;

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге жағдайларда.

3.2. Директордан өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату және Директордың Жалпы жиналыста жаңа Директор тағайындаған сәтке дейін міндеттерді орындау мүмкінсіздігі (бас тартуы) жөнінде өтініш келіп түскен жағдайда Директордың өкілеттігі Директор кандидатурасын Жалпы жиналыспен сайлаған (тағайындаған) сәтке дейін Президиум шешімімен бекітілген тұлғаға ауысады. Жалпы жиналыс Директор өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі анықталған сәттен бастап 1 (бір) ай мерзімінде өткізілуі керек.

3.3. Кезектен тыс жалпы жиналыс шақыру немесе Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы және Директордың жаңа кандидатурасын лауазымға тағайындау мәселесі жөнінде шешім қабылдау Палата Жарғысына сәйкес іске асырылады.

4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы Ереже Палатаның Жалпы жиналысы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімде әрекет етеді.

4.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Палатаның Жалпы жиналысының шешімі негізінде іске асырылады.

4.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ережені жаңа редакцияда қабылдау жолымен енгізіледі.